



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына  
(тізім бойынша)**

2023 жылғы 18 қазандағы № ДС-390

**Құрметті депутаттар!**

Елорданың кәріз тазарту құрылыстарына (*бұдан әрі – КТҚ*) қатысты сіздің сұрауыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

Ағымдағы жылдың 14 қыркүйегінде Астана қаласы бойынша экология департаментінің қызметкерлері № 1 КТҚ-ға тексеру жүргізді, оның барысында санитарлық-қорғау аймағының шекарасында атмосфералық ауа құрамына зертханалық өлшеу жүргізілді. Өлшеу қорытындысы бойынша ластаушы заттардың (*күкіртсутек*) нормадан артық болуы анықталған жоқ. Ауа құрамдастарының бәрі рұқсат етілген шекті концентрациялардың бекітілген нормативтері шегінде.

Қазіргі уақытта Астана қаласының санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті № 1 КТҚ жұмысын тексеруде. Тексеру нәтижелері мүдделі тараптардың назарына жеткізіледі және бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

№ 1 КТҚ-та сүзгілер ауыстыру дайындаушы зауыттардың талаптарына сәйкес жылына 1 рет жүйелі түрде жүргізіледі. Бұған дейін сүзгілерді ауыстыру биылғы наурыз айында жүргізілді.

Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 22 маусымдағы № 208 бұйрығымен бекітілген өндірістік экологиялық бақылау жүргізу кезінде қоршаған ортаға эмиссиялар мониторингінің автоматтандырылған жүйесін жүргізу қағидаларының 11-тармағына сәйкес шығарындылар мониторингінің автоматтандырылған жүйесі мынадай өлшемшарттардың біріне сәйкес келетін шығарындылардың негізгі стационарлық ұйымдастырылған көздеріне орнатылады: атмосфераға бір стационарлық ұйымдастырылған көзден ластаушы заттардың жалпы шығарылуы жылына 500 және одан көп тоннадан; жалпы электр қуаты 50 МВт және одан жоғары газды қоспағанда, отынмен жұмыс істейтін станциялардағы көздер үшін, жылу қуаты 100 Гкал/сағ және одан жоғары қазандықтар үшін; жалпы электр қуаты 500 МВт және одан жоғары газбен жұмыс істейтін

энергия өндіруші ұйымдар көздері үшін, жылу қуаты 1200 Гкал/сағ және одан да көп қазандықтар үшін. Тиісінше, № 1 КТҚ және № 2 КТҚ көрсетілген өлшемшарттарға жатпайды.

№ 2 КТҚ орналасқан жері 2016 жылы Астана қаласының Бас жоспарымен бекітілген, онда солтүстік-батыс бағыттағы жер бедерінің еңісі (*су өздігінен ағып баратын қаланың ең төмен нүктесі*), желдің басым бағыты және 60 жыл бойы қолданылып келген қаланың су бұру схемасы ескерілген. Бұл ретте әкімдік № 2 КТҚ-тың баламалы орналасу мүмкіндігін қарастыруда.

№ 2 КТҚ құрылысы жобасы шеңберінде «Астана қаласының № 2 кәріз тазарту құрылыстарын салудың қоршаған ортаға ықтимал әсерлері туралы есеп» (*бұдан әрі – ҚОӘБ*) орындалды. ҚОӘБ бойынша 2023 жылғы 17 шілдедегі № kz52vvh00237985 мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы алынды. № 2 КТҚ салу және пайдалану кезінде қоршаған ортаға әсерді бағалау бойынша жүргізілген зерттеулерге сәйкес жақын маңдағы елді мекеннен қашықтығына (*Үркер тұрғын алабы № 2 КТҚ учаскесінен 1,5 км жерде орналасқан*) және ең үздік қолжетімді технологиялардың қолданылуына байланысты іргелес аумақтар халқының денсаулығына теріс әсер күтілмейді.

Үркер тұрғын алабындағы жағымсыз иістердің шығу көзі мыналар болуы мүмкін: ассенизатор машиналардың осы қызмет үшін жабдықталмаған рұқсат етілмеген орындардағы сарқынды суларды ағызуы; тұрмыстық қоқыстардың рұқсат етілмеген үйінділері; батпақты аумақтар; жаңадан салынған көппәтерлі тұрғын үйлерден сарқынды суларды ағызып жіберу үшін кәріз желілерінің өткізу қабілетінің жеткіліксіздігі.

Бұдан басқа, 2023 жылдың басынан бері «Нұра» ауданы бойынша 20358 көшет отырғызылды (*2443 ағаш, 12905 бұта, 5010 көпжылдық өсімдік*), оның ішінде Үркер тұрғын алабында, Исатай батыр көшесінде – 39 ағаш және 1626 бұта (*қоршау*); «Жағалау» алаңда 538 ағаш және 39 бұта; ЕК-32 көшесінде - 100 ағаш; «Жағалау-4» тұрғын үй 4-ші кешенінде – 50 ағаш; Қорғалжын тас жолында - 210 ағаш және 191 бұта.

Жалпы бұл мәселе Астана қаласы әкімдігінің және Экология және табиғи ресурстар министрлігінің тұрақты бақылауында.

**Ә. Смайылов**

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарының тізімі**

1. Д. Мұқаев
2. Н. Сәрсенғалиев
3. Т. Тұрлыханов
4. У. Шапақ
5. И. Смирнова